Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы ШЖҚ КМК-да «Медициналық мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және комплаенс-саясатты түсіндіру» тақырыбында өткізілген жиналыс хаттамасы

Өткізілген күні мен уақыты: «30» қыркүйек 2026 жыл, сағат 16.00-де
Өткізілген орны: Директордың кабинетінде
Төрағалық етуші: Директор А.Р.Неткалиева
Хатшы: комплаенс Мурсалимова Б.И.

Қатысқандар:

1.Директор А.Р.Неткалиева
2.Бөлімше меңгерушілері, кадр қызметі,қаржы бөлімінің мамандары, санитарлар және лаборанттар

КҮН ТӘРТІБІ:«Медициналық мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және комплаенс-саясатты түсіндіру» баяндамашы Б.Мурсалимова.

Тыңдалды: Комплаенс Б.Мурсалимова, баяндамасында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес медициналық мекемедегі комплаенс-қызметтің маңызына тоқталды. Жұмысқа қабылдау, дәрілік заттарды сатып алу және ақылы қызмет көрсету кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алмауы қажеттігін атап өтті. Персоналдың ішкі тәртіп ережелері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулықтармен танысуы және қызмет көрсету барысында басшлыққа алу ескертілді. Заңнама бойынша мемлекеттік немесе оған теңестірілген ұйымдардың қызметкерлеріне кез келген мөлшерде сыйлық алуға тыйым салынатындығы және белгілі бір жағдайларда қалдырылып кеткен сыйлықтар заңда көзделген мерзімде қайтарылуы қажеттілігі түсіндірілді. Бюрода 2026 жылдың 9-ай көлемінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы шағымдар тіркелмегенін, бірақ этика мен деонтологияны сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, оқыту шараларын ұдайы жүргізу қажеттілігі түсіндірілді. Баяндама бойынша қойылған сұрақтарға жауап берілді

Қаулы етті:

Комплаенс-қызметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл ,тәуекелдердің алдын алу мақсатында қайтадан жасақталған комплаенс қызметі турасындағы ережемен , бюроның барлық қызметкерлері таныстырылып, қол қойдырылсын.Осы хаттаманың орындалуын бақылау комплаенс-офицерге жүктелсін.

Төрағалық етуші: **А.Р.Неткалиева**

Хатшы: **Б.Мурсалимова**

Scanned with CamScanner